

**Қарағанды облысының әкімшілігі  
Қарағанды облысының мәдениет басқармасы  
Қарағанды Н.В.Гоголь атындағы  
облыстық ғылыми әмбебап кітапханасы**

**Тағдыр тәлкегіне түскен  
тарихи тұлғалар  
қарағандылық саяси қуғын-сүргін  
құрбандары туралы  
Биографиялық анықтамалық**

**Қарағанды, 2008**

## Оқырманға

Ащы әрі қорқынышты шындық саналатын еліміздің өміріндегі тұтас эпоха - саяси қуғын-сүргін. «Алжир» мұражай кешенін ашқанда Елбасы Н.Ә.Назарбаев бұл тарихи сабақты әрқашан жадымызда ұстауымыз керек... деген болатын.

Саяси-қуғын сүргінге ұшырағандар тақырыбын Қазақстан ғалымдары, тарихшылар, қоғамдық қайраткерлер көптен қозғап келеді. Бұл тақырыпқа арналған анықтамалық, аза кітаптар, ғылыми-зерттеу еңбектер үздіксіз жарыққа шығып келеді. Қарағандыда К.С.Алдажұманов, А.З.Бейсенов, К.С.Өскембаев, С.Б.Жұмағұлов сияқты Е.Букетов атындағы ҚарМУ ғалымдары және Облыстық мұрағат мамандары Л.В.Михеева, С.Абикенова және т.б. осы тақырып аясында жұмыс істеп келеді. КарЛАГ тақырыбын [Д.А.Шаймұханов], журналистер Е.Б.Кузнецова, В.М.Могильницкий, Ю.Г.Попов... т.т. зерттеген болатын.

Өткен ғасырдың басындағы азаттық аңсап, ұлтжаңдылықпен ұлт мүддесін қорғап, отаршыл саясатқа қарсы күрескен солшыл саясаттың құрбандарын қадірлеп-қастерлеу баршамыздың парызымыз болғандықтан, бейбіт таңда жауыздықпен мерт болған ұлтымыздың маңдайалды тұлғаларымен таныстыру мақсатында, дерекнамалық құжаттарды негізге алып, түрлі басылымдарда жарияланған материалдарды пайдалана, қолдарыңыздағы ғылыми зерттеу болып табылмайтын библиографиялық анықтамалықты құрастырдық. Бұл анықтамалыққа саяси қуғын сүргінге ұшыраған Қарағанды облысында туған немесе жалпы Қарағандымен байланысы бар, облыс өңірінде қызмет еткен зиялы қауым өкілдері, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, партия қатарындағы және қатардағы қарапайым адамдар туралы мағлұматты енгізуге тырыстық.

Облыс бойынша репрессияға ұшырағандар туралы нақты деректер жеткіліксіз болғандықтан, олардың барлығын толығымен тұтастай қамти алмадық. Анықтамалықты құрастыру барысында түрлі ақпарат дереккөздерінде жарияланған мәліметтерге сүйендік. Әр дереккөзде әр ақпарат түрліше беріліп, бір-бірімен үйлеспей жататын жайттар көптеп кездесетіндіктен, Н.В.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының мол кітап қорынан алынған бар деректердің басын біріктіріп, оларды жинастырып, құрастыру барысында белгілі зерттеушілердің еңбектерін басты негізге алып, пайдаланылған басылымдар тізімін көрсеттік.

Аталмыш басылым тарихпен танысқысы келетін көпшілік қауымға арналған.

Алаш арыстарының рухына бас иіп, мол мұрасымен сусындай беріңіздер!



Политические репрессии — это целая эпоха в жизни нашей страны, горькая и страшная. На открытии музейного комплекса «Алжир» Президент страны Н.А.Назарбаев сказал "Сохранить память о предыдущих поколениях, их трагедии - наш нравственный долг, залог того, что мы не позволим никогда повториться этому ужасу. Это важнейший исторический урок, который мы извлекли и о котором всегда должны помнить».

Тема жертв политических репрессий уже много лет в центре внимания историков, общественных деятелей, ученых Казахстана. В разные годы выходили справочники, книги памяти, научно-исследовательские труды, посвященные жертвам политических репрессий. В Караганде над этой темой работают ученые КарГУ им.Е.А.Букетова К.С.Алдажуманов, А.З.Бейсенов, С.Б.Жумагулов К.С.Ускембаев и др., специалисты Областного архива Л.В.Михеева, С.Абикенова и др. Тему Карлага исследовали профессор [Д.А.Шаймуханов], журналисты Е.Б.Кузнецова, В.М.Могильницкий, Ю.Г.Попов и др.

Данный библиографический справочник включает в себя имена репрессированных государственных и общественных деятелей, партийных и советских работников, представителей художественной интеллигенции - уроженцев Карагандинской области или связанных с нашей областью вехами личной биографии.

Справочник не является научным исследованием, он представляет попытку представить имена и личности, судьба которых, так или иначе связана с землей Сарыарки. На основе материалов, представленных в фондах библиотеки и интернет-ресурсов, справочник систематизирует материалы к биографии как выдающихся представителей политических и общественных движений, так и простых людей, застигнутых волной террора. Справочник не претендует на полноту охвата имен, эта работа еще впереди, ведь только по Карагандинской области было расстреляно за «годы террора более трех тысяч «врагов народа» (Азалы кітап: Расстрельные списки), он включает краткие биографические справки о репрессированных деятелях, сведения о которых нашли место на страницах периодической печати, в книгах, сборниках воспоминаний. Все персоналии расположены в алфавитном порядке, отдельным разделом идут биографические справки. Сведения об осуждении и реабилитации в основном указываются по данным отраженные в «Книге памяти» и сборнике «Азалы кітап: Расстрельные списки» (Алматы,1997).



## Бірмухамед (Біркей) Айбасов (1895-1938)

Ұлытаудың түлегі, ерен ер, белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, қазақтан шыққан тұңғыш жоғары білімді дәрігерлердің бірі, Бағаналы болыстарының халқын емдеген Айбас Байтабыновтың баласы, ел мүддесін көздеген күрескер, ел арасында Біркей аталып кеткен Б.Айбасов 1895 жылы Ұлытау болысында дүниеге келген.

Орысша хат таныған сауаттылығының арқасында 1913 (1914) жылдан 1917 жыл арасында Қ.Кемеңгеров, С.Байжанов, С.Қазбеков А.Шорманов сияқты Қазақстанның ірі қоғам қайраткерлерімен бірге Омбыдағы орта дәрежелі ауылшаруашылық училищесінде оқып, білім алған.

Жастайынан елдегі саяси, әлеуметтік, қоғамдық қозғалыстарға белсене араласып, халқын өркениетті ел қатарына қосуды армандап, С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Н.Нұрмақовпен бірге Омбыдағы қазақ жастарының «Бірлік» атты мәдени-ағарту қоғамын құрып, қазақ жастары арасында мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізген. Омбыда оқып жүргенінде Ш.Әлжанов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгеров, Н.Нұрмақов, С.Сейфуллин сияқты зиялы азаматтармен достас-пікірлес болған. 1917 жылы Омбыдағы оқуын бітіріп, Ақмола уездік Қазақ комитетінің, «Жас қазақ» ұйымының ісіне белсене араласқан. Ол туралы С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романында баяндалған.

Төңкерістен кейін Атбасарда, Қызылжарда, Семейде әртүрлі лауазымдық қызметтерде болып, 1922-1929 жылдары Солтүстік Қазақстан губерниялық жер басқармасының бастығы, Семей губерниялық «Қосшы» комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған.

1933 жылы Мәскеудегі Қызыл профессура институтын бітірген. Ел басына нәубет түскен ашаршылық жылдары Ғ.Ысқақов, І.Қабылов, Ж.Арыстанов, Ғ.Тоғжанов, О.Жандосов сияқты алаш алыптарымен бірігіп 1933 жылдың 24 ақпанында Сталинге елдің ауыр халі баяндалған, тарихта «Алтаудың хаты» деген атпен әйгіліленген хатты жолдаған.

1937 жылға дейін Қазақстанның саяси баспасының бас редакторы қызметін атқарған. Ақын, аудармашы ретінде ел арасында танылып, өлеңдерін 1915 жылы «Айқап» журналының №7,8,10,12 сандарында жарыққа шығарған. Сондай-ақ аудармамен шұғылданып, И.С.Тургеневтың «Әкелер мен балалар» романын қазақ тіліне тәржімалаған.

Қазақ зиялыларының басына түскен қасірет Б.Айбасовтың да басына түсіп, 1937 жылы Алматыда «халық жауы» жаламен ұсталған. 1938 жылдың 28-ақпанында ату жазасына кесілген. Алматы қаласының маңында үкім орындалған.

1958 жылы 10 наурызда КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының шешімімен ақталады.

Жұбайы Назакат (1941 жылдың 14 тамызында қайтыс болған); балалары: ұлы Назым (1943 жылы Қарлағта қайтыс болады), қызы Нәзима (Мәскеу технологиялық институтын тәмамдаған), ұлы Еркен (Еркін).

\*\*\*\*\*

Бирмухамед (Биркей) Айбасов, один из первых организаторов сельскохозяйственного производства в Казахстане, родился 12 сентября 1895г. недалеко от села Улытау в урочище Котыр Карагандинской области в семье Айбаса Байтабынова, одного из первых казахских врачей. Первоначальные знания получил в двухклассном русско-киргизском училище. После окончания двухгодичной школы Биркей поступает на двухгодичные педагогические курсы, после окончания которых, становится учителем в Атбасарском уезде Амантайской волости. В 1913г. Биркей поступает в Омское среднее сельскохозяйственное училище. Вместе с ним поступили К.Кеменгеров, С.Байжанов, С.Казыбеков А.Чорманов, впоследствии видные общественные деятели Казахстана и др.

В мае 1917г. Биркей Айбасов окончил училище и получил специальность культур – техника. Он был направлен на работу в Акмолинскую волость в гидротехническую партию, затем уже в Атбасаре возглавляет продовольственную управу от казахского населения уезда. На уездном съезде представителей казахских потребительских обществ Б.Айбасов избирается в состав правления кооператива «Бирлик», а позже стал его управляющим. На этом посту он показал себя умелым организатором сельскохозяйственной кооперации. Постановлением бюро Акмолинского губкома партии Б.Айбасов был назначен начальником губернского земельного управления, где он проработал в 1922-1925годах. Он нес непосредственную ответственность за успех земельных реформ, много сделал для создания первых кооперативов, товариществ по совместной обработке земли (ТОЗов). В этот период его дважды избирают членом Акмолинского губкома партии. За время его руководства земельным управлением посевная площадь увеличилась вдвое, поднялась урожайность.

В 1925-1928 годах Б.Айбасов работает в Семипалатинской губернии, вначале управляющим губернским сельскохозяйственным кредитным банком, затем председателем союза «Косши», который выступал от имени овцеводов губернии. После союза «Косши» более года Б.Айбасов был ответственным секретарем Каркаралинского уездного комитета партии, при нем была восстановлена и в полную силу заработала знаменитая Кояндинская ярмарка. С июля по сентябрь 1928г. Б.Айбасов занимает в Семипалатинске должность председателя Сельхозкредитсоюза. Затем он был направлен на работу в Кзыл-Орду, куда из Оренбурга была перенесена столица. Некоторое время он возглавлял административное управление столицей, а затем стал заведующим животноводческим отделом союза аульной сельскохозяйственной кооперации. В год «великого перелома» (1929), когда нэп прекратил свое существование, Б.Айбасов ушел с административной должности. Учитывая большой опыт Б.Айбасова в организации кооперативного движения, руководство назначило его директором только что созданного краевого кооперативного техникума. В этой должности он проработал два года. «В 1931 г. согласно моего заявления, - писал в автобиографии Б.Айбасов,- я был послан Крайкомом партии в Москву на учебу в институт Красной профессуры им. Бубнова». Обучение в самом престижном партийном учебном заведении (впоследствии Академия общественных наук при ЦК КПСС), открывало перед слушателями широкие перспективы. После его окончания выпускники становились членами ЦК на местах, секретарями обкомов, занимали другие ответственные государственные должности.

Это были тяжелые годы для Казахстана и всей страны. Надвигался голод. Зима 1929-1930 года была очень суровой. Северные хлебные районы поразил неурожай. Чрезвычайные административные меры лишь обострили обстановку в республике и не дали ожидаемого результата. Обязательным планом хлебопоставок облагались и казахские кочевые аулы, вообще не имевшие посевов. Аульчане вынуждены были продавать свой скот и покупать зерно для поставок государству. Сплошная насильственная коллективизация сопровождалась массовым забоем и изъятием скота. Перестали существовать верблюдоводство и коневодство. При отсутствии земледелия для казахского населения это означало массовое уничтожение. Но голод захватил и другие районы – Поволжье, Украину. В Москве начинаются процессы над А.Чаяновым, Н.Кондратьевым и другими лидерами Трудовой крестьянской партии.

В этих условиях Сталину было направлено письмо, которое впоследствии назовут «письмом шести». Только высоким чувством долга, сознанием своей причастности к судьбе своей страны, патриотизмом можно объяснить поступок Б.Айбасова и его товарищей. Письмо было направлено в феврале 1933г. в Кремль и называлось «О работе Казахстанской парторганизации». В нем шестеро коммунистов приводили ужасающие факты голода и разорения в Казахстане и просили Сталина принять широкомасштабные меры по спасению республики, так как республиканская парторганизация неспособна на это. В письме говорилось, что «Руководство партийной организации Казахстана вместо серьезной работы по искоренению недостатков в сельском хозяйстве встало на путь очковтирательства и обмана. Размеры бедствия приняли такой характер и такой размах, что без помощи и вмешательства ЦК ВКП(б) едва ли возможна их ликвидация. Речь идет о спасении жизни казахских трудящихся от голодной смерти и принятия срочных мер по устройству их в хозяйственном отношении». Все подписавшие письмо занимали в республике ответственные посты, в момент написания письма большинство из них были слушателями института Красной профессуры. Их всех вызвали на Старую площадь и вручили решение ЦК ВКП (б) – как опытных работников послать на укрепление животноводства Казахстана. Б.Айбасов был назначен начальником политотдела Тургенского овцесовхоза Энбекшиказахского района Алма-Атинской области, где он проработал до декабря 1935г. Затем он был направлен в Казиздат редактором партийно-массового сектора, с 31 января 1937г. назначается главным редактором только что организованного Казпартиздата. Это была его последняя должность. Работая в Казпартиздате, Б.Айбасов заключил договор с Казахским издательством художественной литературы о переводе на казахский язык произведений И.С.Тургенева. Но увидеть изданный роман ему уже не удалось. Осенью 1937 г. он был арестован. Его обвиняли в участии в антисоветской националистической организации. Суд состоялся 28 февраля 1938г., после вынесения приговора Бирмухамед Айбасов был расстрелян. Реабилитирован посмертно Военной Коллегией Верховного Суда СССР 10 марта 1958г.

Семья Б.Айбасова – жена Назакат, умерла 14 августа 1941г., сын Назым умер в 1943г. в Карлаге, дочь Назима окончила Московский технологический институт пищевой промышленности).

**(По материалам Е. Айбасова)**

### Әдебиет:

Айбасов Бірмұхамед // Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2006. – 89 бетте.

Ахметов Қ. Ұлытау. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2006. - 264 бетте. «Менің Отаным – Қазақстан» сериясы.

Жоқтау: Воспоминания детей репрессированных казахстанцев.- Алматы, 1998.- 100 с.

Ибадатұлы Ш. Аласапыранда: Халқы үшін жапа шеккен ұлт зиялыларының бірі - ұлытаулық Бірмұхамед (Біркей) Айбасов // Мысты өңір.- Жезқазған, 2003.- 31 қаңтар.-6, 11 б.

Айбасов, Е. Один из первых: документальная повесть.- Алматы: Арыс, 2005.- 96 с.

Айбасов, Е. Один из первых: документальная повесть // Нива.- Астана, 2004.- N10.-С.122-163

Жоқтау: Воспоминания детей репрессированных казахстанцев. Алматы, 1998.- 100 с.

Омарбеков Т. «Письмо шести»// Казахстанская правда.-1997-4 сент.



### Жақып Ақбаев (1876 – 1934)

Қазақ халқының азаттығы үшін алысқан атақты заңгер, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қажырлы күрескер, «Алаш» қозғалысының көшбасшысы, «Алашорда» үкіметінің мүшесі, ұлт зиялысы, ғалым, қазақтың тұңғыш құқық магистрі Ж.Ақбаев 1876 ж. 7-қарашада Семей облысы, Қарқаралы уезі, Берікқара болысы, №3 ауылының (кей деректерде №4) Төңіректас деген жерінде Сарыарқа өңіріне атақты Ақбай әулетінде, дәулетті отбасында дүниеге келген.

1886 ж. Қарқаралы қаласындағы орыс-қазақ мектеп-интернатына оқуға түседі. 1889 ж. Омбы гимназиясына түсіп, кейін Томск гимназиясына ауыстырылып, онда бір жыл оқып, 1898 ж. бітіреді. Гимназиядан соң Санкт-Петербург университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, 1903 ж. алтын медальмен бітіріп, қазақтың тұңғыш «право магистрі» деген атақты иеленеді. Университетте оқи жүріп, 3-курста Санкт-Петербург Археология институтына түсіп, толық курсың тәмәмдайды. Студент кезінен саяси күреске араласып, «Санкт-Петербургские ведомости», «Дала уалаяты» газеттерінде азаттық жолындағы мақалаларын жариялайды.

Университет бітірген соң, 1903 ж. Қарқаралыға, туған еліне оралып, қаланың бай көпесі Халиолла Бекметовтың қызы Гүлбахорға үйленеді. Сол жылдың күзінде Омбы қаласына келіп, сот палатасына қызметке тұрады. 1904 жылы палата хатшысы, 1905 жылдан бастап, бітістіруші судья міндетін атқарады. 1905-1907 ж. Ресейдегі төңкеріс саяси белсінділігін оятып, митингілерге және жиналыстарға қатысып, сөз сөйлейді. Омбыдағы, Петропавлдағы, Семейдегі, Павлодардағы, Баянауыл мен Қарқаралыдағы демонстрацияларға қатысып, отаршылдық жүйеге,

патша үкіметіне қарсы күрес жүргізе жүріп, Омбыда шығатын «Степной край» газетінде мақалалар жариялап, патшаның отаршылдық саясатын сынайды.

1905 ж. шілдеде Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесінде «Алаш» көсемдерінің бастамасымен өткен қазақ съезінде Ресей Министрлер Кеңесінің төрағасына Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсыновтармен бірге шаруаларды көшіріп әкетуді тоқтату, қазақтардың діни басқармасын ұйымдастыру, цензураны жою, ресми іс қағаздарын қазақша жүргізу, қазылар сотын енгізу, қазақ депутаттарын Мемлекеттік Думаға шақыру жөніндегі талаптар қойылып, қоныстандыру саясатының озбырлығы айтылған, отаршылдық езгіге қарсы наразылықтағы 145 мың адамның қолы қойылған «Қарқаралы петициясын» ұйымдастырады.

1905 жылы 2-қарашада өз өтініші бойынша Омбы сот палатасынан қызметтен шығады, елдегі саяси жағдайларға араласады. 1906-1918ж. (үзілістермен) Семей округтік сотында жұмыс істейді. 1906 ж. императорға тіл тигізіп, өкіметке қарсы үгіт-насихат жүргізген мемлекеттік қылмысы үшін 12 қаңтарда тұтқындалып, Семей түрмесіне қамалады. Түрмеде жатып Санкт-Петербург университетінің профессоры, белгілі заңгер Л.И.Петражицкийге бірінші болып қазақ өлкесінің дербес автономия алуы мәселесін көтеріп хат жолдайды. Ғылыми шығармашылық жұмыспен де шұғылданып, 1907 жылы «Наброски по обычному, в частности, брачному праву киргизов» атты диссертациялық ғылыми еңбек жазады. 1908 жылы алғашында Ақмола облысының Омбы оязына 5 жылға, кейіннен 1909 жылдың 19 наурызында Ресей ІІМ-нің шешімімен Жетісу облысының Қапал қаласына (басында Якутияға) жер аударылады. 1908 жылдан Дала генерал-губернаторлығының кеңесінің бөлімінде ашылған арнаулы ісі 1917 жылдың Қазан төңкерісіне дейін жүреді.

1910 ж. патша өкіметіне қарсы күресін тоқтатпағаны үшін Тобыл қаласына жер аударылады. Айдауда жүріп бүркеншек атпен «Айқап» журналына мақалалар жолдап тұрады.

1912 ж. ақпанында Қарқаралыға қайтып оралып, полицияның қадағалауына алынады. 1913 ж. Қарқаралыға Ә.Ермековтің басшылығымен келген қазақ әдебиеті мен ауыз әдебиеті шығармашылығын зерттеуші Г.Потанинді үйінде қонақ қылып күтіп, кеш ұйымдастырады. 1914 жылдың жазында Омбы сот палатасына қызметке қабылдау туралы өтініш жазады, саяси сенімсіздігі үшін жұмысқа алынбағандықтан адвокаттық практикамен айналысуына тура келеді. Қудалаудан құтылмай тағы да Семей түрмесіне қамалып, 1917 ж. басында босап шығады.

1917 жылы патша тақтан құлаған соң, елдегі саяси өзгерістерге араласып, 1917 жылдың 20 наурызында Қарқаралыда орыс-қазақтардан құралған, құрамына М.Бекметов, Ф.Бекметов, Н.Орманбетов, Н.Нұрмақовтармен бірге өзі де кірген Уақытша өкіметтің уездік біріккен атқару комитетін құрады. Кейіннен комитеттің ішінде жік туып, ұлт араздығын қоздырушы деген айыппен, саяси ұрандар таратқаны үшін қамауға алады. Алайда өзі жазықсыз деп танылып, оның қарсыластары комитет құрамынан шығарылады.

1917 жылы «Алашорда» үкіметін құруға қатысады. Осы жылдың 21-28 шілдесінде Орынборда өткен Бүкілқазақтық съезге қатысып, оның басшы құрамында болады. 5-13 желтоқсанда өткен Орынбордағы 2-бүкілқазақ съезінде «Алашорда» үкіметінің мүшелігіне еніп, съезде 26,5 мың адамнан құралған тұрақты әскер құру идеясын көтереді. Сондай-ақ үш алаш полкін құруға басшылық жасайды, олардың екеуі Семейде, үшіншісі Торғайда орналасады.



Ғалым ретінде мемлекеттік құрылысты белгілеуде, Алашорда автономиясының мемлекеттік институттары мен үкіметін құруда, Алашорда автономиясының шекарасын анықтауда басты рөл атқарады. «Алашорда» үкіметіндегі қызметін тоқтатқаннан соң 1918 жылы Қарқаралыдағы қазақ комитетін басқарады.

1918 жылы Семей ақ-казактардың қолына көшкенде ұлттық дербестікті сақтап қалуға ұмтылғаны үшін қамауға алынып, 1919 жылы түрмеден босайды. Қарқаралыға келіп колчакшыларға, атамандардың озбырлығына қарсы күрес ұйымдастырғаны үшін тағы да түрмеге түседі. Алаш автономиясын сақтап қалу мақсатында ақ-казактарға қарсы қарулы көтеріліске басшылық жасағаны үшін Колчактың әскери-дала соты 1919 жылдың 7 шілдесінде «әскери-казак диктатурасын құлатып, Совет өкіметін орнату үшін халықты көтеріліске шақырды, атамандардың жауы» деп айыптап, ату жазасына кеседі. Дегенмен 1919 жылы ақ казактар толық жеңіліске ұшырап, Қазақстан арқылы Қытайға қаша бастайды. Корпус командирі Березовский мен Сібір үкіметінің төрғасы Вологодскийдің ұсынысы бойынша аталмыш үкім күшін жойып, қамаудан босатылады. Семей ақ казактардан босатылған соң, заң мекемелерінің қызметіне араласады. 1920 жылдың қыркүйегінен Семей губревкомының әділет бөліміне басшылық жасап, губерниялық сот-тергеу учаскесін құрады. 1920 жылдың сәуір айынан Семей кеңестік халық сотының мүшесі болып, 1921 жылдың қараша айынан 1922 жылдың ақпанына дейін халық ағарту бөлімінде жұмыс істеп, қазақтың ауыз әдебиеті шығармаларын жинау жөніндегі комиссияның төрағасы болады. Бірақ сол жылы өкпе аурына шалдығып, Қарқаралыға қайтып оралады. Денсаулығын сәл түзеп, 1925 жылы Семейге оралып, губерниялық атқару комитетінде, халық сотында түрлі қызметтермен айналысады. 1926 ж. шілдесінен 1927 жылдың 13 желтоқсанына дейін Семей губерниялық соты жанындағы адвокаттар алқасы мүшесінің міндетін атқарады. Осы жылы «Қазақ халқының шығу тегі туралы» атты еңбегін жазғанымен, жарыққа шығара алмайды.

1928ж. Голощекиндік саяси айыптаулардан аулақ болу мақсатында елден тысқары кетіп, Сырдария округтік адвокаттар алқасының мүшесі болады. Көп ұзамай бұл қызметтен шеттетіліп, сол кездегі Жамбыл облысы, Шу ауданы, Новотроицкое селосына келіп, ғылыми-шығармашылық жұмыспен шұғылданады. Елден жырақта болса да, 1930 ж. 14-қыркүйекте ОГПУ жендеттері Кеңес үкіметіне, Коммунистік жүйеге жүргізген қарсы әрекеті, Алашордашы болғаны үшін тұтқындап, абақтыға қамайды. Түрмеде 1,5 жыл отырғаннан кейін, 1932 жылдың сәуір айында 58-10 және 59-3 баптар бойынша айыпталып, Воронеж облысына 5 жылға жер аударылады. Айдаудағы ауыр азаптан денсаулығы әбден нашарлаған соң, рақымшылық жасалып, мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға емделуге рұқсат алады. Ақыры асқынған ауру алып тынып, шамалыдан соң казактардың әдеттегі құқығын, оның ішінде отбасы-неке құқығын зерттеп, мерзімді баспасөзде публицистикалық материалдар жариялаған сан алуан талант иесі, энциклопедиялық білімі бар ғалым 1934 жылы 4 шілдеде қайтыс болады.

Ж.Ақбаев Қазақстан Жоғарғы сотының 1958 жылғы 28 ақпанындағы шешімімен толық ақталады. Бірақ бұл хабар жақындарына 1990 ж. ғана жетеді.

Қазір Қарағандыдағы алаңға және Ақтоғай ауданында көше атына Ж.Ақбаев есімі берілген. 1998 жылы алаштың үш арысы Ж.Ақбаев, Ә.Бөкейханов, Ә.Ермековке ескерткіш орнатылған.

Әйелі 1988 жылы қайтыс болған.

Балалары: Кәмелмұрат (1910-1960), Кәмелшат (1916-1976); қыздары Аргуния (химия ғылымының кандидаты), Наймания (филология ғылымының кандидаты), Асфазия (заң ғылымының кандидаты), Андремеда (биология ғылымының кандидаты).

\*\*\*\*\*

Жақып Ақпаев, один из руководителей национально-освободительного движения Алаш, государственный и общественный деятель, родился в 7 ноября 1876 года в урочище Тонректас, в ауле №3 Беркаринского района Каркаралинского уезда.

В 1886 году в возрасте десяти лет поступил в Каркаралинский казахский интернат. Затем продолжил образование в Омской и Томской гимназиях. В 1898 году молодой Жақып окончил Томскую гимназию и в тот же год поступил на юридический факультет Санкт-Петербургского университета. У него была неистребимая жажда к знаниям. Обучаясь на юридическом факультете Санкт-Петербургского университета, Ақпаев, будучи третьекурсником, поступает параллельно в Санкт-Петербургский археологический институт. Уже студентом он не скрывал своих критических взглядов на колонизаторскую политику царских властей.

В годы учебы Ақпаев тесно общался с представителями казахской интеллигенции: Б.Кулмановым, Р.Марсековым, Ж.Сейдалиным, М.Тынышпаевым и другими, оказавшими значительное влияние на формирование его взглядов, отношении к процессам, происходящим в обществе.

Окончив с золотой медалью в 1903 году университет, Жақып Ақпаев получает назначение в Омское судебное ведомство, а затем становится секретарем этого ведомства, а в 1905 году назначается на должность мирового судьи.

В годы первой русской революции Ақпаев активно выступал с обличающими царя речами на митингах, участвовал в демонстрациях, проходивших в Омске, Петропавловске, Семипалатинске, Павлодаре, Баян-ауле и Каркаралинске. В Омской газете «Степной край» (Омск), Ж. Ақпаев разоблачал самодержавие, полицейский произвол, взяточничество, продажность чиновников, призывал народ к активной борьбе против колонизаторской политики царя. Действия судьи не могли остаться без внимания тех, кому по роду деятельности приходилось присматривать за порядком, надзирать за свободомыслящими людьми. 1907г. являлся для Ж.Ақпаева важным в плане научной работы. В этом году был опубликован его научный труд на базе диссертации «Наброски по обычному, в частности, брачному праву киргизов»

В 1906 году Ж.Ақпаев был арестован по обвинению в государственных преступлениях: оскорбление императора, агитация и пропаганда против существующего строя. В 1908 году Ақпаев был выслан в Омск с последующей ссылкой в Якутию. В 1910 году за продолжение агитации против самодержавия его высылают вновь, но уже в Тобольск.

В феврале 1912 года возвращается в родной Каркаралинск. Осенью 1915 года Жақыпа Ақпаева арестовывают и по этапу доставляют в Семипалатинскую тюрьму. Февральскую революцию в 1917 году он встречает в Якутии.

В июле 1917 года он участвует во Всеказахском съезде, проходившем в Оренбурге. В декабре того же года на втором Всеказахском съезде Ж. Акпаев стал членом правительства «Алаш-Орды». На съезде он предложил идею о создании регулярной армии из 26500 воинов. После прекращения работы в правительстве Алаш-Орды, в 1918г. Ж. Акпаев возглавляет Каркаралинский казахский комитет.

В 1919 году колчаковский военно-полевой суд приговаривает Ж.Акпаева к расстрелу как врага военно-казахской диктатуры адмирала Колчака и активного участника подготовки вооруженного восстания и восстановления советской власти. Ж. Акпаеву чудом удалось избежать гибели. Впоследствии до конца двадцатых годов он принимал участие в организации судебных органов Семипалатинской области, возглавлял юридический отдел Семипалатинского губревкома, был членом Семипалатинского губсовета народных судей и окружной коллегии адвокатов. В 1921-1924 годах он являлся инспектором отдела народного образования Каркаралинского уезда и секретарем комиссии по сбору народного фольклора.

14 сентября 1930 года палачи ОГПУ по обвинению в «контрреволюционной деятельности» заключают Ж.Акпаева в тюрьму. Это было началом массового террора против бывших членов партии Алаш, вся вина которых заключалась в том, что они желали счастья и свободы своему народу. Больной и слабым здоровьем Ж.Акпаев пережил в застенках пытки и издевательства большевистских следователей. После полуторагодичного пребывания в тюремном аду, Ж.Акпаева в апреле 1932 года отправляют в ссылку в Воронежскую область сроком на 5 лет. В 1934 году по состоянию здоровья был досрочно освобожден и прибывает в Алматы для лечения. Но медицина не смогла ему помочь. Он скончался 4 июля 1934 года в возрасте 58 лет.

Сегодня в Караганде в память о выдающемся земляке названа Площадь Правосудия имени Жакыпа Акпаева. Именем Ж.Акпаева названа улица в селе Актогай. Там же, на родине героя в 1998 г. установлен памятник землякам – активным руководителям «Алаш-Орды»: Алихану Букейханову, Алимхану Ермекову, Жакыпу Акпаеву.

**(по материалам В.Минина)**

### **Әдебиет:**

Ақбаев Жақып // Қарағанды облысы: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2006. – 96 б.

Әбілов Қ. Жерлесіміз туралы бір үзік сыр: Қарсаралының 180 жылдығы қарсаңында Қарқаралы.- 2004.- 3 шілде. Қарқаралы.- 2005.- N1.-51-52 б.

Байкенжина Л. Қарқаралы шежіресі - тарихи құжаттарда: Қарқаралы қаласының 180 жылдығына /Л.Байкенжина, Е.Лұқпан // Орталық Қазақстан.- 2004.- 18 мамыр.-7 б.. Қарқаралы.- 2004.- N2.-56-57 б.

Дулатбеков Н. Жақана барар жол / Н.Дулатбеков, З.Тайшыбай// Орталық Қазақстан.- 2001.-5 қыркүйек

Жақып Ақбаевтың өмірі мен қызметі (1876-1934 ж.) // Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні / ред. басқарғандар Қ.С. Алдажұманов, А.З. Бейсенов. - Алматы: Эверо, 2004. – 443-448 б.

Жақыпова А. Мен әкемді мақтан тұтамын: / Ж.Ақбаев туралы/ // Қазақстан әйелдері.- 1992.- №3.- 12-13 б.

Қасымұлы Ж. Ақбайдың Жақыбының ата тегі // Орталық Қазақстан.- 1996.- 12 қараша, 1997.- 5 ақпан

Қасымұлы Ж. «Менің әкем дара тұлғалардың бірі»: А.Жақыпқызының жазған хаты // Орталық Қазақстан.- 1998.- 19 қыркүйек.

Құқық пен қазылық тарихындағы тұлғалар.- Алматы: Жеті жарғы, Ж/ж.- 36бет

Құл-Мұхаммед М. Ақбаев Жақып // "Алаш" бағдарламасы: қиянат пен ақиқат. - Алматы: Атамұра, 2000.- 102-103 б.

Құл-Мұхаммед М. Алаш ардагері: Ж.Ақбаевтың саяси-құқылық көзқарастары / Жауапты ред.Ғ.Сапарғалиев.- Алматы: Жеті жарғы, 1996.- 224 бет.

Құл-Мұхаммед М. Алаш қайраткерлері саяси-құқықтық көзқарастарының эволюциясы / Жауапты ред.Ғ.Сапарғалиев.- Алматы: Атамұра, 1998.

Рысжанов С. Алаш ардақтысы: Жақып Ақбаевтың туғанына-130 жыл // Орталық Қазақстан.- 2006.- 6 сәуір.- 6 б.

Тайшыбай З. Дүрбелен: Ақбайдың Жақыбы туралы зерттеу // Орталық Қазақстан.- 1994.- 10, 12 қараша

Тайшыбай З. Жақып Ақбаев: «Менің рухым өлмейді» // Орталық Қазақстан.- 1996.- 25, 28 желт.

Темірбай А. Жақып Ақбаевтың дипломы табылды. Ол бізге түп-тура бір ғасырдан соң жетіп отыр // Егемен Қазақстан.- 2003.- 16 желтоқсан.-6 б.

Тоғжанов Е.Л., Аршабеков Т.Т. Жақып Ақпаев // Атамекен: оқу құралы. – Қарағанды: Қарағанды экономикалық университеті, 2002. – 171-173 б.

Абилов К. Жақып Ақпаев...кооператор: К 180-летию Каркаралинска // Индустриальная Караганда.- 2004.- 29 апр.-С.10

Айтмухамбетов, А.А. Начало политической деятельности Жакыпа Акпаева (по архивным документам) // Отечественная история.- 2001.- N2.-С.87-89

Алланиязов Т.Уникальные архивные документы заговорили: Беседа с автором монографии «Шетская трагедия»//Жезказганская газета.-2001.-12июля

Восточная Сарыарка. Каркаралинский регион в прошлом и настоящем / ред. К.С. Алдужаманова, З. Бейсенова.- Алматы: Эверо, 2004.- 516 с.: ил. Кудышев О. Полжизни в арестах и ссылках // Казахстанская правда.- 1993.- 12 нояб.

Кул-Мухамед М. Жақып Ақпаев. Патриот. Политик. Правовед: Политико-правовые взгляды Ж.Ақпаева. – Алматы: Атамұра, 1995. – 240 с.

Кул-Мухаммед, М.А. Первый казахский правовед: [отрывки из книги «Жақып Ақпаев. Патриот. Политик. Правовед»] // Начнем с понедельника.- 2006.- 17-23 нояб.(№45).-С.4, 6

Минин В. Возмутитель спокойствия: [Первый казахский магистр права Ж.Ақпаев] // Индустр. Караганда. – 2001.-7 нояб.

Минин В. Жақып Ақбаев – первый магистр права // Индустр. Караганда. – 2001.-5 сент.

Минин В. Миром должен править закон: [Презентация специализирован. Межрайон. Суда] // Индустр. Караганда. – 2001.-8 сент

Макенбаев К. Славные ардагеры Алаша: [А.Букейханов, Ж.Ақпаев, А.Ермеков] // Индустр. Караганда.- 1997.- 16 дек.

Темиргалиева К. Первый магистр права // Индустр. Караганда.-1996- 12 нояб.

## Мазмұны / Содержание

|    |  |     |
|----|--|-----|
|    | Оқырманға.....                                     | 1   |
| 1  | Айбасов Бірмұхамед (1895-1938).....                | 6   |
| 2  | Ақбаев Жақып (1876-1934) .....                     | 9   |
| 3  | Аммосов Максим Кирович (1897-1938).....            | 15  |
| 4  | Асылбеков Абдолла Әбдрахманұлы (1896-1938).....    | 18  |
| 5  | Ахметов Ілияс (1897-1938).....                     | 21  |
| 6  | Әлімбаев Имам (1885-1937).....                     | 23  |
| 7  | Байсалбайұлы Ахметбек (1878-1937).....             | 27  |
| 8  | Байтұрсынов Ахмет (1873-1937) .....                | 30  |
| 9  | Баржақсин Ахмет (1894-1935).....                   | 39  |
| 10 | Беков Орынбек (1898-1937) .....                    | 41  |
| 11 | Бектұров Жайық (1912-1998).....                    | 42  |
| 12 | Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы (1870 - 1938)..... | 47  |
| 13 | Ғатаулин Мансұр Тиатұлы (1903-1937).....           | 58  |
| 14 | Ермеков Әлімхан Әбеуұлы (1891 - 1970) .....        | 61  |
| 15 | Есқараев Сүлеймен (1897-1937).....                 | 67  |
| 16 | Қазыбеков Смағұл Сүлейменұлы (1897-1938).....      | 71  |
| 17 | Қазыбекова Мағрифа Мырзағұлқызы «1903-1982).....   | 72  |
| 18 | Қалмағамбетұлы Тайжан (1878-1938).....             | 74  |
| 19 | Мақатов Әбдірахман Нұрғалиұлы (1906-1938).....     | 77  |
| 20 | Меңдешев Сейітқали (1882-1937).....                | 78  |
| 21 | Нәресhev Рамазан (1927-2001).....                  | 82  |
| 22 | Нұрмақов Нығмет Нұрмақұлы (1895-1937).....         | 84  |
| 23 | Нұрсейітов Нұрғали (1904-1938).....                | 90  |
| 24 | Ордабаев Мәжит Рақымжанұлы (1895-1937).....        | 92  |
| 25 | Өмірбек Жаппар Ералыұлы «1920).....                | 93  |
| 26 | Садуақасов Жанайдар (1898-1938).....               | 97  |
| 27 | Сармантайұлы Ахметжан (1860-1930).....             | 100 |
| 28 | Сартбасұлы Түскен (1879-1938).....                 | 101 |
| 29 | Сейфуллин Сәкен (1884-1938).....                   | 102 |
| 30 | Сырымбетұлы Қасым (1902-1991).....                 | 111 |
| 31 | Талжанов Сәйділ Омарұлы (1906-1972) .....          | 112 |
| 32 | Тәтімов Мұхаметқали Қойшыбайұлы (1894-1938).....   | 116 |
| 33 | Телпекбаев Дүйсембай (1908-1980).....              | 118 |
| 34 | Теміров Махмет (1923).....                         | 119 |
| 35 | Тұрғанбайұлы Мәннан (1886-1937).....               | 121 |
| 36 | Тұржанов Отарбай (1898-1937).....                  | 123 |
| 37 | Шанин Жұмат Тұрғынбайұлы (1892-1938).....          | 124 |
| 38 | Шашкин Зейін (1912-1966).....                      | 127 |
| 39 | Шектібаев Кәрібоз (1897-1938).....                 | 131 |
| 40 | ЫсқақовБүркіт(1924-1991).....                      | 132 |
|    |  |     |

Құрастырушылар:

Басып шығаруға жауапты: Н.В.Гоголь атындағы ОҒӘЖ  
директоры Ж.К.Шаймұханбетова

**Тағдыр тәлкегіне түскен тарихи тұлғалар. История трагических судеб: қарағандылық саяси-қуғын сүргін құрбандары:** Библиографиялық анықтамалық / Қарағанды обл. ғылыми-әмбебап кітапханасы; Құраст.: .- Қарағанды: б.ж., 2008. 136 б.: сурет.  
Таралымы 500 дана.

©Қарағанды облыстық Гоголь атындағы ғылыми-  
әмбебап кітапханасы, 2008 ж.